

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 24 сәуірдегі № 111 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 25 сәуірде № 4996 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 5-1) тармақшасына және 69 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Қазығұрт ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Қазақтелеком" акционерлік қоғамы талшықты оптикалық байланыс желісін орналастыру және пайдалану үшін жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан жер участкеріне 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қазығұрт ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Қазығұрт ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қазығұрт ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Нұрмановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т.Т. Телгараев

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "24" сәуірдегі
№ 111 қаулысына қосымша

Талшықты оптикалық байланыс желісін орналастыру және пайдалану үшін қауымдық сервитут белгіленетін жер участкелері

№	Жер пайдаланушылар атауы	қауымдық сервитеуттың әрекет ету көлемі (гаектар)	соның ішінде:
			өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер (гаектар)
1	2	3	4
1	Алтынтөбе елді мекені	1,7	1,7
2	Қаржан елді мекені	8,9	8,9
3	Қосағаш елді мекені	0,3	0,3
4	Жаңабазар елді мекені	1,0	1,0
5	Жаңаталап елді мекені	6,0	6,0
6	Үлгілі елді мекені	0,2	0,2
7	Айнатас елді мекені	1,5	1,5
8	Жігірген елді мекені	0,3	0,3
9	Тесіктөбе елді мекені	3,5	3,5
10	Ашыбұлақ елді мекені	1,8	1,8
11	Молбұлақ елді мекені	4,0	4,0
12	Қакпақ елді мекені	6,0	6,0
13	Жұмысшы елді мекені	0,7	0,7
14	Сынтас елді мекені	1,7	1,7
15	Үшбұлақ елді мекені	2,5	2,5
16	Көкібел елді мекені	1,8	1,8
17	Майдұлақ елді мекені	2,5	2,5
18	Атбұлақ елді мекені	4,0	4,0
19	Еңбекші елді мекені	0,7	0,7
20	Қ.Мәмбет елді мекені	0,3	0,3
21	Қызылдихан елді мекені	3,0	3,0
22	Өндіріс елді мекені	4,0	4,0
23	Тұрбат елді мекені	2,1	2,1
24	Жіңішке елді мекені	0,5	0,5
25	М.Өтемісұлы елді мекені	1,0	1,0
26	Шарбұлақ елді мекені	1,8	1,8
27	Айнатас елді мекені	0,3	0,3
28	Қызылсенгір елді мекені	1,8	1,8
29	Ынталы елді мекені	2,0	2,0
30	Қызыл ата елді мекені	4,0	4,0

Барлығы:	69,9	69,9
----------	------	------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК